

**КМҚК «№140 бөбекжай-балабақша»
тамақтану сапасы мониторингі жөніндегі комиссияның отырысының
Хаттамасы №9**

«26» қыркүйек 2024 жыл

Қатысқандар:

Комиссия төрайымы балабақша басшысы: Мухаметрахимова Ш.А.

Әдіскер – Сатпаева Д.К.

Кәсіподақ төрайымы – Масакбаева Б.Р.

Балабақша медбикесі, диетбикесі – Есжанова М.С.

Ата-аналар комитетінің мүшесі – Мейрбекова К.С.

Қоймашы – Бердибаева М.Д.

Күн тәртібінде:

1. Балабақшада азық-түліктің сапасымен сақталу мерзімімен, тамақ дайындау технологиясын бақылау

2. Балабақшада мектепке дейінгі ұйымдарға қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптардың санитарлық қағидаларының сақталуын бақылау.

Тыңдалды:

1. Бірінші мәселе бойынша балабақша басшысы Мухаметрахимова Ш.А. балабақшада азық-түліктің сапасымен сақталу мерзімімен, тамақ дайындау технологиясын бақылау барысы туралы тыңдалды. Балабақшаға жаңадан қабылданған азық-түлік шикі тағамдардың сапасы мен мерзімі дұрыс, сертификаттары бар. Жоғары сапалы азық-түліктер қабылданады. Қоймада, ас бөлмедегі тоңазытқыштарда, мұздатқыштарда тамақ сақтаудың температуралық және ылғалдылық жағдайына сәйкестігі, азық-түліктердің сақталуы талапқа сай сақталған. Мұздатқыштармен тоңазытқыштар жұмыс істейді. Шикі заттармен дайын тағамдар жеке талапқа сай сақталады.

2. Екінші мәселе бойынша балабақша медбикесі Есжанова М.С. балабақшада мектепке дейінгі ұйымдарға қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптардың санитарлық қағидаларының сақталуын бақылау барысы жөнінде баяндады. Бақылау барысында ас блогында тамыз айында барлық балабақшаға қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптардың қатаң сақталатыны анықталды. Крупа өнімдері, ұн, макарон өнімдері құрғақ таза жерде сақталатыны анықталды. Сүт өнімдері балаларға берілер бұрын бөлме температурасының мөлшерін сақтап, содан кейін балаларға беріледі. Сүт өнімдерінің температурасы 15 С-та бір сағат ғана сақталады.

Шешімі:

1. Балабақшада азық-түліктің сапасымен сақталу мерзімімен, тамақ дайындау технологиясын бақылау қанағаттанарлық деп қабылданды.

2. Балабақшада мектепке дейінгі ұйымдарға қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптардың санитарлық қағидаларының сақталатындығы анықталды.

Комиссия төрайымы балабақша басшысы: Мухаметрахимова Ш.А.

Әдіскер – Сатпаева Д.К.

Кәсіподақ төрайымы – Масакбаева Б.Р.

Балабақша медбикесі, диетбикесі – Есжанова М.С.

Ата-аналар комитетінің мүшесі – Мейрбекова К.С.

